

Саналы түрде келісім беру

Баланың заңды өкілі ретінде мен осы құжат арқылы**бастауыш мектебіне** (әрі қарай “Мектеп” деп аталады) Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламент ережесіне және Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламенттің мектеп саясатына сәйкес _____ күні туған _____ есімді баламның жеке басына қатысты деректері мен құпия деректерін жинауға, өңдеуге және жазуға рұқсатымды беремін. Тек мектеп жұмысына және төмендегі әрекеттерді орындауға қажетті жеке басқа қатысты деректерді өңдеуге рұқсат беремін:

- қажетті медициналық құжаттамаларды сақтау;
- психологиялық сынақтарды жүргізу;
- мектептің жарнамалық материалдарында, сонымен қатар мектептің веб-сайтында деректерді және фотосуреттерді жариялау;
- мектепте және мектептен тыс іс-шаралар ұйымдастыру (сапарлар, мектеп сыртындағы лагерь, экскурсия және т.б.);
- оқушыны мектепке және мектептен шығарып салу.

Баламның осы мектепте білім алатын барлық кезеңі үшін және заң рұқсат еткен уақыт аралығында деректерін өңдеуге, ғылыми мақсатта және мұрағаттауға келісімді беремін. Мен келісімді тек мектепке ғана беремін, ол заң талап етпеген жағдайда, баламның жеке басына қатысты деректері мен құпия деректерін басқа адамдарға және органдарға бермеуі керек және мектеп осы ақпараттың рұқсатсыз немесе кездейсоқ қолданылуынан, өңделуінен, өзгертілуі мен бұзылуынан, бұрыс мақсатта қолданылуынан қорғауы немесе жоғалтып алмауы керек.

Менің құқығым, оның ішінде қандай да бір түсініктеме берместен келісімнен кез келген уақытта бас тартуыма болатыны, осы деректерді пайдалана алатыным, оларды түзетуге болатыны туралы құқығым, жеке басқа қатысты деректерді ерікті түрде беруге болатыны, жеке басқа қатысты деректердің қайсысы және не мақсатпен өңделгені түсіндірілді. Егер әкімші немесе деректерді өңдеуші жеке басқа қатысты деректерді құпиялылық саясатына немесе заңға қайшы қолданып жатқанын, әсіресе деректер өңдеу мақсатына сәйкес дұрыс болмаған жағдайда, әкімшіге немесе дерек өңдеушіге хабарласып, жоғарыда аталған тұлғалардан түсініктеме талап ете алатынымды және әкімшіден немесе деректерді өңдеушіден жағдайды түзетуін талап ете алатынымды растаймын. Әсіресе ол жеке басқа қатысты ақпаратты блоктауға түзетуге, толықтыруға немесе жоюға қатысты болады.

_____ Күні _____

Заңды өкілдің аты-жөні: _____ және қолы: _____

Заңды өкілдің аты-жөні: _____ және қолы: _____